

УДК 726

ТҮРКІСТАН – ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ГЕНЕЗИСІ.

Құрбан Ұлықбек

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында «Түркі әлемінің генезисі» атты бөлімінде «Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы» делінген. Елбасының айтуынша, бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің әр түкпіріне тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елеулі үлес қосты, - деп атап өтті. Осы орайда Қазақстанның ежелгі астанасы Түркістан халқымыздың рухани орталығы ғана емес, бүкіл түркі әлемі үшін киелі орын болып саналады.

Сан ғасырлық тарихы бар, түбі бір түркі халықтарының рухани, мәдени және экономикалық сауда орталығы ретінде Түркістан қаласының тарихтағы орны ерекше [1,194-б.]. Ортаға- сырдан қалған сәулет өнерінің інжу маржаны – Қожа Ахмет Иассаuidің кесенесі де осы Түркістанда. Қазақтың бір топ саяси және діни, рухани, заңғар, алып тұлғаларының денесі осы Түркістан топырағында жерленген. Түркі әлемінің рухани астанасы – және Ясауи ілімінің өміршеңдігінің үлгісі, халықтың рухани, діни, қоғамдық, әлеуметтік қажеттіліктеріне сай жан-жақты қызмет атқарып келген қаланың даму тарихы тереңде. Қазақстандағы ортағасырлық рухани орталықтың бірі – Түркістан қаласының өзінде қала атын әлемге талантымен танылған әйгілі тұлғалар дүниеге келген еді. Ғасырлар бойында ғұмыр кешкен бабаларымыз кейінгі ұрпаққа төлтума мәдени мұралардың бірегейі – Қожа Ахмет Ясауи тарихи мемориалдық кешенін қалдырды. XIV ғасырдың аяғында салынған бұл ғимарат әлемдегі миллиондаған адамдар үшін талай ғасырлар бойы тәуап етер рухани орталық болды. М.Массон бұл ескерткіш туралы: «Жасалған құдіретті кесененің жоспары жағынан да, түпкі ойы жағынан да Орта Азияда ұқсасы жоқ. Ол – бірегей. Бірақ оның көк тіреген зәулім тұрпатындағы ислам өнері жасап шығарған дәстүрлі сипаттың арғы жағынан дәуірге үндес сарындар сезіледі және бұл ескерткішті «мұсылмандардың Айя-Софиясы деп толық негізбен атауға болады», - деп атап көрсеткен болатын [1].

Атақты Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде көптеген тарихи мәдени құндылықтар жинақталған. Соның бірі, әрі бірегейі – Тайқазан. Елбасы өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Біздің ата-бабаларымыз берік металл өндіру ісін дамытып, олардың жедел технологиялық игерілуіне жол ашты», - деген болатын. Соның бірі осы Түркістан қаласындағы Тайқазан ерекше ою өрнекпен безендірілген және ұлы дала өркениетінің озық үлгісі ретінде саналады. Орта ғасырдағы қазақ даласында кен өндіріп, металл балқыту өнері терең зерттеліп, жақсы дамығандығының айғағы. Кезінде Тайқазан Әмір Темірдің бұйрығымен Түркістан қаласы маңындағы Қарнақ елді мекенінде құйылған. Оның құрамында алтын, күміс, қола, мырыш, қорғасын, мыс және темір сияқты металл қоспасы қосылған. Мамандардың айтуынша, сол замандағы темірден түйін түйген шеберлер алдымен жердің астын ойып, қазанның формасын жасаған. Шұңқырдың қабырғасына түрлі ою-өрнектер мен қасиетті хадистен үзінділер келтіріп жазған. Сосын металлдарды балқытып, терең ұра шұңқырдың ішіне құйған. Ежелгі металл өңдеу технологиясын жақсы меңгерген шеберлер алып Тайқазанды осылай жасаған. Тайқазанды жасаушы шебер Тебриздік шебер Әбд-әл-Әзиз ибн Шарафуддин болды. Қазанның салмағы 2 тонна, диаметрі 2,45 м. [2,194-б.].

Қылуат – жер асты мешіті. Ахмет Ясауи кесенесінен 150 м. жерде орналасқан. Қылуат жер асты мешітінің салынуы Ахмет Ясауи атымен байланысты. XII-XIX ғғ аралығында салынған құрылысты XX ғ 40-шы жылдарында толығымен бұзып қыштарын зауыт салуға қолданған. Археологиялық архитектуралық зерттеулермен 1941 жылы жасалынған макетке сүйене отырып Қылуат жер асты мешіті толығымен қалпына келтірілген. Бұл құрылыстың ең көне бөлігі — ғархана (XIIғ) бөлмесі болып табылады. Жер бетінен 4 метр тереңдікте орналасқан бұл бөлменің көлемі 1,5 x 1,5 м, биіктігі 1,6 м. Аңыз бойынша Ахмет Ясауи пайғамбар жасына (63 жас) толған соң қалған өмірін осы бөлмеде өткізген. Екінші құрылыс кезеңіне (XV-XVIғғ) жамағатхана, мешіт, дәретхана шаруашылық бөлмелері жатады. Ал XVIII-XIX ғғ құрылыстың солтүстік жағына басқа қосымша бөлмелер салынған [3,11-б.].

Үлкен және Кіші Ақсарай ХҮ-ХҮІ ғғ. сарай бөлмелері ретінде қолданылған. Бұл жерде қазақ хандарының ордалары орналасқан. Үлкен Ақсарайда өзге елдердің елшілерін қабылдайтын болған. Мұнда даланың ең беледі және танымал адамдары жиналған. Бұл жерде таққа жаңадан отырған хандар өз еліне әділ, әрі адал қызмет ету үшін ант берген. Мұнда әлі күнге дейін хан билігінің символындай болып, асатаяқ пен тақ орны сақталған. Ал Кіші Ақсарайда, кесене қабырғаларында көптеген танымал адамдар жерленген. Ең көне қабір 1431 жылға тән. Барлығы 43 қабір тастары орналасқан. Кесенеден Абылай ханның, Бөгенбай батырдың және тағы басқа көптеген қазақ билеушілері мен қолбасшыларының мәйіті жерленген.

XV ғасырдың аяғында Қожа Ахмет Ясауи кесенесі билік иелерінің пантеонына айналып, Дешті Қыпшақтың әйгілі хандары мен ханымдары жерленеді. Мұнда Дешті Қыпшақ ханы Әбілхайырдың әйелі, атақты Ұлықбектің қызы Рабия Сұлтан Бегім және Әбілхайыр ханның шөберелері Құл-Мұхаммед сұлтан мен Мастура-хатунның жерленгендігі белгілі. Бұдан кейін мұнда қайтыс болған қазақ хандары мен сұлтандары, ханшалары қойыла бастады. Қазақ ханы Жәнібектің қызы Аманбике, белгілі тарихшы Қадырғали Жалайыри, Шығай ханның баласы Ұзыноқты Ондан сұлтанның сүйектері осында қойылған [4,12-б.].

XVI ғасырдың соңында Түркістан аймағы Қазақ хандығының құрамына толық өтіп, қала хандықтың астанасына айналды. XVII ғасырдың басынан қазақ хандары мен олардың отбасы мүшелері, батырлар мен билер кесенеден мәңгі жай тапты. Бұл кезеңде Есім хан (1628 ж), Жәңгір хан (1652 ж), Ондан сұлтан мен оның ұлы Қайнар-Күшек жерленсе, XVIII ғасырда Тәуке хан (1715 ж), Болат хан, Абылай хан (1780 ж), Ұлы жүз ханы Жолбарыс (1740 ж), Орта жүз хандары Семекен мен Әбілмәмбет және оның ұлы сұлтан Әбілпейіс осында жерленді. Сонымен бірге орта жүздің биі Қаздауысты Қазыбек би, қанжығалы Бөгенбай батыр да осында қойылған. Жалпы, Ахмет Ясауи кесенесінде 25 қазақ хан-сұлтандары (хандар – 21, сұлтандар – 4), 26 би-абыздар мен 49 батыры және 61 игі жақсылары жерленді. Кесене маңындағы арнайы даярланған мазарларда хан сүйектері жерленіп, кейіннен мазарлар қиратылған соң, басына қойылған құлпытастар кесене ішіне қайта қойылды.

Шығыс моншасы. Кесененің оңтүстік батыс бетінен 80 м. қашықтықта жартылай жер астына орналасқан. Бұл монша 1580-1590 жж. Абдулла хан тұсында кесенеге зиярат етіп келуші көпшілік қауымға арналып салынған. Бұл монша жартылай жерсаты, 5 күмбезді, қабырғалары күйген кірпіштен тұрғызылған. Әр түрлі мақсатта пайдаланылатын 9 бөлмеден тұрады. Олар: жуыну бөлмесі, ыстық су бөлмесі, суық су бөлмесі, массаж т.б. бөлмелер. 1979 жылдан бері ортағасырлық ескерткішті бүгінгі ұрпаққа жеткізу мақсатында ашық аспан мұражайына айналдырылған [5,5-б.].

Тарихи Ұлы Жібек жолының бойындағы Түркістан – қазақ хандығының астанасы, бүгінгі таңда түркі халықтардың рухани орталығы. Түркістан қаласының тарихы 1 мыңжылдықтан бері келе жатыр. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде қазақ халқының тарихы мен рухы насихатталады. Қазақтың ел билеген хандары мен елін жерін қорғаған батырлары, би-шешендерінің мәңгілік мекендері ретінде олардың рухтарына бінде тағзым етіледі. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі түркі жұртының ескерткіші ретінде халқымызды имандылыққа, адамгершілікке, адалдыққа тәрбиелейтін мұра ретінде насихатталады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және орта ғасырлық Қазақстан. Алматы: «Қазақстан», 1992. – 241 б.
2. Қозғамбаева Г.Б., Исабек Б.Қ. Түркі әлемінің рухани астанасы. // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. 2018.№3. 192-200 бб.
3. Нурмухаммедов Н. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Алматы, 1980. -216 б.
4. Қожа М. Қ.А. Яссауи танымы. – Түркістан: Азия. 1997. – 72 б.
5. Дәуіт О. Түркістан және туризм. // Егеменді Қазақстан, 2016 ж. 27 ақпан.